

«Студенттік» тарифтік жоспарын қосуға келісім (бұдан әрі – «Келісім»)	Согласие на подключение Тарифного плана «Студенческий» (далее – «Согласие»)
«Freedom Finance Global PLC» ЖК (бұдан әрі – «Компания») клиенті осы арқылы «Студенттік» тарифтік жоспарын (бұдан әрі – «Тариф») қосуға өз келісімін білдіреді және оның шарттарымен, сондай-ақ осы Келісімге №1 қосымшада баяндалған Тариф пен Бағдарламаның шарттарымен танысқанын әрі оларды қабылдайтынын растайды.	Клиент ПК Freedom Finance Global PLC (далее – «Компания»), настоящим выражает свое согласие на подключение Тарифного плана «Студенческий» (далее – «Тариф») и подтверждает, что ознакомился с его условиями, а также с условиями Тарифа и Программы, изложенными в Приложении №1 к настоящему Соглашению, и принимает их.
Компания Клиентке жолдаған OTP-кодты Компанияның парақшасындағы тиісті өріске енгізу Тариф шарттарын қабылдау, сондай-ақ Клиенттің Тарифті қосуға берген келісімінің расталуы болып табылады.	Ввод OTP-кода, направленного Компанией Клиенту, в соответствующее поле на странице Компании является акцептом условий Тарифа, а также подтверждением согласия Клиента на подключение Тарифа.
1. ТЕРМИНДЕР	1.ТЕРМИНЫ
1.1. OTP-код (One-Time Password, бірреттік құпиясөз) – осы Келісім шеңберінде бір рет пайдалануға және Клиенттің әрекеттерін растауға арналған бірегей код. OTP-код Тариф пен Бағдарлама шарттарын акцептеуді және Тарифті қосуға келісімді растайтын электрондық қолтаңба құралы ретінде пайдаланылады. OTP-кодты тиісті өріске енгізу осы Келісімге, сондай-ақ оған №1 қосымшаға өз қолтаңбасымен қол қоюдың баламасы болып есептеледі.	1.1. OTP-код (One-Time Password, одноразовый пароль) – уникальный код, предназначенный для одноразового использования и подтверждения действий Клиента в рамках настоящего Соглашения. OTP-код используется в качестве средства электронной подписи, подтверждающего акцепт условий Тарифа и Программы и согласие на подключение Тарифа. Ввод OTP-кода в соответствующее поле считается эквивалентом подписания настоящего Соглашения, а также Приложения №1 к нему собственноручной подписью.
1.2. Жұмыс күні – Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе АХҚО-ның қолданылатын құқығына сәйкес демалыс немесе мереке күні болып табылмайтын күн.	1.2. Рабочий день – день, который не является выходным или праздничным днем в соответствии с законодательством Республики Казахстан и/или применимым правом МФЦА.
1.3. Күнтізбелік күн – демалыс және мереке күндерін қоса алғанда, күнтізбенің кез келген күні.	1.3. Календарный день – любой день календаря, включая выходные и праздничные дни.
1.4. «Студенттік» тарифтік жоспары – осы Келісімде және Бағдарламада көзделген шарттарда 18 (он сегіз) жасқа толған және жоғары білім беру ұйымының студенті мәртебесі бар Клиенттерге	1.4.Тарифный план «Студенческий» – специальный льготный тарифный план, предоставляемый Клиентам, достигшим 18 (восемнадцати) лет и имеющим статус студента Образовательной организации высшего образования, на условиях, предусмотренных настоящим Соглашением и Программой.

берілетін арнайы жеңілдікті тарифтік жоспар.	
1.5. Жоғары білім беру ұйымы – мұндай ұйым өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттің заңнамасына сәйкес жоғары білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметін жүзеге асыратын ұйым.	1.5. Образовательная организация высшего образования – организация, осуществляющая образовательную деятельность по образовательным программам высшего образования в соответствии с законодательством государства, в котором такая организация осуществляет свою деятельность.
1.6. Оқуын растайтын құжат – жоғары білім беру ұйымы берген немесе қалыптастырған, Клиенттің тиісті жоғары білім беру ұйымына оқуға қабылданғаны фактісін және/немесе оның оқу фактісін растайтын құжат.	1.6. Документ, подтверждающий обучение – документ, выданный или сформированный Образовательной организацией высшего образования, подтверждающий факт зачисления Клиента и/или факт его обучения в соответствующей Образовательной организации высшего образования.
1.7. Веб-сайт – Компанияның ресми веб-сайты.	1.7. Вебсайт – официальный веб-сайт Компании.
2. БАСҚА ШАРТТАР	2.ПРОЧИЕ УСЛОВИЯ
2.1. Тариф 18 (он сегіз) жасқа толған және жоғары білім беру ұйымының студенті мәртебесі бар Клиенттерге беріледі. Тарифті беру шарттары осы Келісімге №1 қосымшада баяндалған Бағдарламамен айқындалады және оның ажырамас бөлігі.	2.1. Тариф предоставляется Клиентам, достигшим 18 (восемнадцати) лет и имеющим статус студента Образовательной организации высшего образования. Условия предоставления Тарифа определяются Программой, изложенной в Приложении №1 к настоящему Соглашению, и являются его неотъемлемой частью.
2.2. Тарифті қосу үшін Клиент ОTR-кодты енгізуі тиіс, сондай-ақ Компанияға Клиенттің жоғары білім беру ұйымына оқуға қабылданғаны фактісін растайтын оқуын растайтын құжатты не оның көшірмесін/электрондық көшірмесін ұсынуға міндетті.	2.2. Для подключения Тарифа Клиент должен ввести ОTR-код, а также обязан предоставить Компании Документ, подтверждающий обучение либо его копию/электронную копию, подтверждающую факт зачисления Клиента в Образовательную организацию высшего образования.
2.3. Компания Тарифті қосуды Клиенттің осы Келісімнің 2.1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келуі және Клиенттің оқуын растайтын құжатты ұсынуы шартымен, сондай-ақ Клиенттің Компанияда ашық брокерлік шоты болған жағдайда жүзеге асырады.	2.3. Компания осуществляет подключение Тарифа при условии соответствия Клиента требованиям, установленным пунктом 2.1 настоящего Соглашения, и предоставления Клиентом Документа, подтверждающего обучение, а также при наличии у Клиента открытого брокерского счета в Компании.

2.4. Клиент 18 (он сегіз) жасқа толмаған не өзінің студент мәртебесін растайтын оқуын растайтын құжатты ұсынбаған жағдайда Компания Тарифті қосудан бас тартуға құқылы.	2.4. В случае если Клиент не достиг 18 (восемнадцати) лет либо не предоставил Документ, подтверждающий обучение, подтверждающий его статус студента, Компания вправе отказать в подключении Тарифа.
2.5. Клиент анық емес, жарамсыз немесе Клиенттің оқуға қабылданғаны фактісін растауға мүмкіндік бермейтін оқуын растайтын құжатты ұсынған жағдайда Компания Тарифті қосудан бас тартуға құқылы.	2.5. В случае предоставления Клиентом недостоверного, недействительного либо не позволяющего подтвердить факт зачисления Клиента Документа, подтверждающего обучение Компания вправе отказать в подключении Тарифа.
2.6. Компания Клиент ұсынған оқуын растайтын құжаттың және ондағы мәліметтердің анықтығы мен жарамдылығына тексеру жүргізуге құқылы.	2.6. Компания вправе осуществлять проверку достоверности и действительности предоставленного Клиентом Документа, подтверждающего обучение, а также содержащихся в нем сведений.
2.7. Компания Клиент ұсынған оқуын растайтын құжатты және Клиенттің Тарифті беру шарттарына сәйкестігін Тариф қосылғанға дейін де, ол қосылғаннан кейін кез келген уақытта да тексеруді жүзеге асыруға құқылы. Мұндай тексеру нәтижелері бойынша Клиенттің Тарифті берудің белгіленген шарттарына сәйкес келмеуі немесе ұсынылған оқуын растайтын құжаттың анық еместігі анықталған жағдайда Компания Клиентке Тарифті қолдануды тоқтатуға және Клиентті «Инвестор» тарифіне ауыстыруға құқылы. Компания Клиентті Тарифті қолданудың тоқтатылатыны туралы оның қолданылуы тоқтатылатын күнге дейін кемінде 2 (екі) Жұмыс күні бұрын хабардар етеді.	2.7. Компания вправе осуществлять проверку предоставленного Клиентом Документа, подтверждающего обучение, и соответствия Клиента условиям предоставления Тарифа как до подключения Тарифа, так и в любое время после его подключения. В случае выявления по результатам такой проверки несоответствия Клиента установленным условиям предоставления Тарифа или недостоверности представленного Документа, подтверждающего обучение, Компания вправе прекратить применение Тарифа к Клиенту и перевести Клиента на тариф «Инвестор». Компания уведомляет Клиента о прекращении применения Тарифа не менее чем за 2 (два) Рабочих дня до даты прекращения его применения.
2.8. Тариф Клиент осы Келісімде көзделген шарттарды орындағаннан, соның ішінде Клиент ОТР-кодты енгізгеннен және оқуын растайтын құжатты ұсынғаннан кейін 2 (екі) Жұмыс күні ішінде қосылады. Тарифтің қолданылу мерзімі Клиентке Тариф қосылған сәттен бастап 365 (үш жүз алпыс бес) Күнтізбелік күнді құрайды, содан кейін Клиент автоматты түрде «Инвестор» тарифіне ауыстырылады. «Инвестор» тарифінің шарттарымен Компанияның брокерлік (агенттік) қызметтер көрсету регламентіне (бұдан әрі – «Регламент») №3 қосымшадан танысуға	2.8. Тариф подключается в течение 2 (двух) Рабочих дней после выполнения Клиентом условий, предусмотренных настоящим Соглашением, включая ввод Клиентом ОТР-кода и предоставление Документа, подтверждающего обучение. Срок действия Тарифа составляет 365 (Триста шестьдесят пять) Календарных дней с момента подключения Тарифа Клиенту, после чего Клиент автоматически переводится на тариф «Инвестор». С условиями «Инвестор» можно ознакомиться в Приложении №3 к Регламенту оказания брокерских (агентских) услуг Компании (далее – «Регламент»). Перевод на тариф «Инвестор» осуществляется в течение

болады. «Инвестор» тарифіне ауыстыру Тарифтің қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 3 (үш) Жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.	3 (трех) Рабочих дней с даты прекращения действия Тарифа.
2.9. Осы Келісіммен реттелмеген және №1 қосымшаға енгізілмеген барлық мәселелер Клиент бұған дейін қосылған Регламент ережелерімен реттеледі.	2.9. Все вопросы, не урегулированные настоящим Соглашением и не включенные в Приложение №1, регулируются положениями Регламента, к которому Клиент ранее присоединился.
2.10. Осы Келісімде және оған №1 қосымшада бас әріппен пайдаланылатын, бірақ осы Келісімде айқындалмаған барлық терминдердің мағынасы осы Келісімге №1 қосымшада белгіленген мағыналарға ие болады.	2.10. Все термины, используемые в настоящем Соглашении и Приложении №1 к нему с заглавной буквы, но не определенные в настоящем Соглашении, имеют значения, установленные в Приложении №1 к настоящему Соглашению.
2.11. Осы Келісім «Астана» халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндірілуге жатады. Оны орындауға байланысты туындайтын барлық даулар Регламентке, сондай-ақ АХҚО-ның қолданылатын заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.	2.11. Настоящее Соглашение регулируется и подлежит толкованию в соответствии с законодательством Международного финансового центра «Астана» (МФЦА). Все споры, возникающие в связи с его исполнением, подлежат разрешению в соответствии с Регламентом, а также применимым законодательством МФЦА.
2.12. Осы Келісім қазақ және орыс тілдерінде жасалған. Екі нұсқа арасында алшақтықтар, қайшылықтар немесе шиеленістер болған жағдайда орыс тіліндегі нұсқасы басымдыққа ие болады және Келісімді түсіндіру мен орындау мақсаттары үшін үстемдік етеді.	2.12. Настоящее Соглашение составлено на русском и английском языках. В случае расхождений, противоречий или конфликта между двумя версиями, версия на русском языке имеет приоритет и преобладает для целей толкования и исполнения Соглашения.

